

ЕГЕМЕН

ҚАЗАҚСТАН

Уақыт пен Кеңістік

Қара күзде Алтайға арнайы ұшып бардым. Әрине, қазір заман бөлек. Табиғат та өзге. Қыс қайсы, жаз қайсы, күз қайсы, көктем қайсы танып болмайды. Қараша айы болғандықтан қаракүз демей не дейміз?.. Бүгін Мәскеуде қалың қар жауды деп хабарлады қазақ радиосы. Әлде орыс радиосы ма? Біріне-бірі сүйемелдес тіршілік аясында Ресей мен Қытай мемлекеттері Қазақстан экономикасына ендеп кіріп алған. Алматыдан Өскеменге ұшқан БОИНГ-тің ішінде қытай мен орыс толып отыр. Орталарында он шақты қазақ бармыз. Ертеде кеңес заманында Қазақ Республикасының басты қалаларында азғана қазақ көрінетін. Өскеменге келгенде қазақ көрсек туғанымыз табылғандай шүйіркелесіп жөн сұрасып жатушы едік. Қарашада Алтайда тізеден келетін қар жауушы еді. Өскеменде бүгін күн жылы. Шақырайып шыққан күн сұрғылт даланы ерекше нұрландырып тұрып алған. Қала сыртындағы кішкене ғана қазақ бейіті өсіп, аумақты жерді алып кетіпті. Ел ортасында өлім-жітімнің молайғаны көзге ұрып тұр. Өскеменге арнайы соққаным, қарашада қазақтың нарқасқа ұлдарының бірі, Қазақстанның Еңбек Ері, титан-магний комбинатының президенті Бағдат Шаяхметов 70 жасқа толатын. Аяулы досымды еске алу үшін, осы мола басында құран оқиын деп арнайы келіп едім. Бұл жерге әуелі Бағдаттың әкесі Мұхамет Шаяхметовті жерлегенбіз. Бір жыл өткенде анасы Нұркәмал дүниеден қайтты. Тағы екі жылдан соң күтпеген жерден Бағдаттың өзі дүниеден озды. Қарсы алдындағы шарбақтың ішінде үш мола көрінеді. Әке. Ана. Ұл. Үшеуі де жүрегіме жақын, аса қадірлі адамдар еді. Мұхамет Шаяхметовтің «Тағдыр» атты дилогиясын орысшаға аударып жеке кітап қылып шығарғанбыз. Кітаптың атын да өзім қойып едім. Бұл найман еліндегі аштық туралы ащы шындық. Қарапайым адам жазған деректі кітап. Сол кітаптың рухани болмысы жоғары еді. Әкесінің қолжазбасын маған тапсырған Бағдаттың өзі еді. Мола басындағы сұрғылт тастар үнсіз. Шарбақ сыртында мен де үнсізбін. Тек әлдебір мазасыз ауыр ойлар басымды мең-зең қылған. Жиырма бірінші ғасырдың адамды таңтамаша қалдыратын, тіпті, көңіліне үрей ұялататын ерекше белгісі – уақыттың тажал айдаһардай орасан зор жылдамдықпен, жойқын күшпен ілгерілеуінде. Жиырма бірінші ғасыр адамды уақыт пен кеңістік аясына жолатар емес. Оған жақын дауға талпынған адам да жоқ. Дұрысы – Тұлға жоқ. Жиырма бірінші ғасырдағы басты тұлға – Адам мен оның Еңбегі емес, Капитал. Байлар капиталының амандығын ойлап жан ұшырады. Содан да байлар байиды, кедейлер кедейлене береді. Аумалы-төкпелі заман. Ал уақыт көз ілеспес жылдамдықпен жүйткіп ағуда. Бұндай жан ұшырған жылдамдыққа үйренбеген, қалыптаспаған адам орта жолда күйрей құлап жатыр. Уақыт пен Кеңістікті бірдей емуге тұлғалар керек. Ана-Жерде Тұлғалар тууы сиреген. Жанын шындықпен суарған адамдар, әсіресе біздің қоғамға ауадай қажет. Мен мола басындағы тасқа отырдым. Екі күн титан-магний комбинатын аралап, талантты жастармен жүздесіп, еркін, ашық әңгімеге беріліп жүріп шаршағанымды байқайда алмаған болсам керек. Бағдаттың орнын басқан жас, талантты өндіріс ұйымдастырушысы, титан-магний комбинатының бүгінгі президенті Әсем Мамутованың үлкен көшті еркін бастап кетуі бәрімізді де қуанышқа бөлеген. Комбинаттың жас цех бастықтары, жас өндіріс командирлері – Бағдат тәрбиелеген, батыста оқытқан ойшыл азаматтар. Солар мен кездескенсайын қазақтың болашағына деген сенімім артатын. Көңіл қазақтың ертеңіне деген күмәннан арылатын. Өжет, білімді жас жігіттерді көріп қазақтың рухының айырылмағанын сезетінмін. Отты рухты сөндіріп алмау керек. Қазақтың рухы тірі болса, қазақта тірі. Ал егер рухымызды жоғалтсақ, қазақ та жоғалады. Тәні бар, рухы жоқ қазақтан не қайыр?! Уақыт пен Кеңістік атты өлшемдер адам ақылы жетпейтін ғаламат жойқын күш екені даусыз. Ал біздің Ана-Жерде адамдықты ұстап қалуға шамамыз жетер емес. Сонанда ар-ұят, обал-сауап, борыш, отаншылдық, мемлекетшілдік, адамгершілік атты киелі ұғымдар жойылуға тақау...

Бүгін Ана-Жерде жалғыз ғана ұғым күшеюде. Ол – суға салсаң батпайтын, отқа салсаң жанбайтын Капитал. Жиырма бірінші ғасырдың еншісіне тиген кесапаттарды атап-атап айтуға екі қолдың саусақтары жетпейді. Өйткені, олар күн өткен сайын өрби өсуден бір танған жоқ. Бағдаттың моласына тағы бір көз тоқтатып қарадым. Қадірлі Мұхамет әкейді осы жерге жерлеген күннің ертесінде Бағдат екеуіміз мола басына бірге келіп, сәл дамылдап тұрған едік. Әкесін өлімге қимаған Бағдат мұңлы. Көп сөйлемейтін досым Уақыт, Кеңістік, Өмір мен Өлім туралы толғана тебіреніп еді. Ал жүректі жеген қаншама сұрақтар жауапсыз қалған. Ол сұрақтардың ауырлығы сонша, оларды сыртқа шығару мүмкін емес болатын. Бөгдеге айтылмайтын, бөгдеге шашпайтын сырлар еді ғой. Біз қашанда жанымызды жеген ойларды бір-бірімізге ашық айтушы едік. Бағдатта тартынып қалмайтын. Бірақ, ол қашанда сабырлылық, кеңдік танытып отыратын. Бағдат нағыз ойшыл нарқасқа азамат еді ғой!

Аэропортта

Ақ қайда, қара қайда, кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін біліп болмайтын дүдәмал тоқсаныншы жылдар. Бағдатпен Алматы аэропортында кездесіп қалдық. Алматы аэропорты ауарайына байланысты үш сағатқа жабылып қалыпты. Күтуге тура келеді. Бағдат Өскеменге, мен Мәскеуге ұшуым керек еді. Көптен бері кездеспегендіктен бірден шешіле сөйлесіп әңгіме-дүкен құрып кеттік.

– Бағдат, Атомпромды қалдырдыңыз ба?

– Титан-магний комбинатымен жек пе жек қалдым. Бұл – еліміздегі ең үлкен кәсіпорындарымыздың бірі. Осы комбинатты жылдам реконструкциялау керек. Жаңа технология енгізу қажет. Шет елдердегі заводтарда цех ішінде босып жүрген адамдарды көрмейсіз. Технология толық автоматтандырылған. Әрине, реконструкция жасау үшін қыруар қаражат керек. Социализмнен кері капитализмге ауысқан біздер үшін капитализмнің китұрқы тетік терін ұғынып, білгенімізді іске қосу оңайға соқпауда.

– Қазір сіздерге не жетіспей жатыр, Бағдат?..

– Бәрі де. Титан өнімін шығаратын шикізат жоқ. Шикізат Ресей мен Украинада қалды. Бұрынғы Совет үкіметі емес. Бөлек, бөтен елдер. Қамба титан өніміне толы, тек оны кімге сатуды білмей далмыз. Еуропа мен Азияға сата алмаймыз. Біз оларды, олар бізді білмейді. Тіпті, оларға қалай сатуды да түсініп болғамыз жоқ. Содан Қазақстан да, Ресей мен Украина да титан өнімдеріне қамбаларын толтырып не істерлерін білмей дал болып отыр. Ақша да жоқ. Жұмысшыларға еңбекақы төлемегелі екі ай болды.

– Өте қиын жағдай екен.

– Қиыныңыз не, нағыз трагедия. Комбинатты бізге сатындар деп халық аралық кезбе сұмырайлар жүр. Ата-бабаларымыз өз қолдарымен тұрғызған комбинатты сұмырайлардың қолына қалай ұстатып жібере аламыз? Бізде не... намыс жоқ па? Қазір бүкіл Қазақстанды сатып алуға дайын халықаралық алаяқ бөрілер жыртылып айырылады.

– Қазақстанды ғана емес, бүкіл бұрынғы Совет Одағын. Шеттің алпауыттары құлап-қирап жатқан біздерді қиналмай жұтып жібереді. Боламыз ба, әлде жоғаламыз ба? – деген Гамлеттің сұрағы көкіректен жанымызды суырып алуға дайын тұр. Бағдатжан қиналысын өзіне тән сабырлықпен айтты.

– Гамлет сұрағы бүкіл бұрынғы Совет Одағын, коммунистердің қарауында тіршілік жасаған Шығыс Еуропа халықтарының жандарын бір шүберекке түйген ауыр кезең еді. Қазақстанға шүйліккен Батыс алпауыттарына біздің жанымыз да, тәніміз де түкке керекті жоқ. Оларға керекті қазақ жерінің астындағы, үстіндегі қазыналары ғана. Олардың бізді адам деп санамайтындарын көздері айтып тұратын.

– Үшінші әлемнің кең тыныс алып өмір сүріп кетуі оңай емес, мен білсем. Бұл мойнымызға еркін асып алған қамыт қой, – дедім. Бағдат менімен келіскендей басын изеді де, үнсіз қалды.

– Есік алдына шығып сөйлесейік. Сізде темекі тартыңыз, – деді Бағдат темекі қорабын

саусақ арасында айналдырып отырған маған күлімсірей қарап. Ұшақ күткен адамдар көбейген соң Бағдат оңаша шығып сөйлескісі келген болса керек. Ресми адамдар ұшатын залда көз де, құлақ та көп. Далаға шығып аздап серуен құрғанымыз дұрыс болды. Бой жаздық.

– Темекіні көп тартады екенсіз, – деді Бағдат, – жүрегіңізге операция жасалды ғой, абай болыңыз. Күтінгеніңіз дұрыс болады. Мен Бағдаттың көзінен шын жана шырлықты көріп тұрдым. Адал достық көңіліне риза болдым. Ресми адамдар отыратын жерге адамдар келе бастады.

– Алматы аэропортының ашылатын түрі бар. Бұл Бағдаттай нар тұлғаның дершағы еді.

– Сізді комбинаттан іздеп жатыр, – деп кенесшісі Василий Григорьевич Бағдатқа телефонын ұсынды. Аржақтағы адамның сөзін бөлместен тыңдап барып:

– Барлық құжаттарды дайындап бүгін Астанаға ұшыңыздар. Мен қазір билетімді Астанаға ауыстырамын, – деді. Сөз осымен бітті. Бағдаттың жүзі салқын тартыпты. Тек көзінде ерекше нұр ойнап тұрған.

– Президент шақыртып жатыр. Реконструкция бойынша.

– Жақсылыққа болсын.

– Бұл дұрыс болды, – деді Бағдат. – Сізді іздеген себебім әкейдің жазған кітабы бар еді.

Соны оқып шықсаңыз. Орыс тіліне аударып «Абай» клубының кітапханасынан шығарсаңыз деп едім. Әрине, қарсы болмасаңыз.

– Менде ешқандай қарсылық жоқ. Кітап не туралы?..

– Әкейдің өмір жолы. Соғыс... Аштық... Тіршілік аясы ғой.

– Аштық туралы жазса, батыр адам екен. Мен Мәскеуден Якутияға ұшпақпын.

– Якутияда не бар?

– Якуттар өндірістерін келімсектерге сатқан жоқ... Бағдат үндемеді.

– Прибалтикада боласыз ба? – деп сұрады.

– Онда да боламын.

– Солардың мән-жайын тереңірек білсеңіз.

– Сізге керек пе?

– Өте қажет. Жағдайды сенімді достарыңыздан сұрастырарсыз.

– Мен өмірде ақша емес, дос жинаған адаммын ғой, Бағдат.

– Өте дұрыс. Реке, титанды өндіру бар да, оны сату бар ғой. Мен басымды изедім. Көптен кездеспеген Бағдат досыммен ойда жоқта аэропортта кездесіп, енді асығыс қоштасып жаттық. Уақытта, Кеңестік те адамға жеткізбейтінін түсіндім. Адам жағалаудағы құмның бір түйір шігіғана, ал ғалам шексіз. Бағдат Астанаға, мен Мәскеуге ұштым. Ұшақ көк аспанға әуелей көтерілген соң Бағдат туралы ойға берілдім. Алып комбинатты алып адамғана көтере алатын еді. Бағдат досым алып адам болатын.

Өскемен

Екі жыл өткенде Өскеменге тағы бір жолым түсті. Әдеттегідей Бағдатқа телефон соқтым. Ертеңгі күні комбинатта кездесетін болып келістік. Бағдат мені жылы қарсы алды. Жайғасып отырған соң Бағдат комбинат туралы әңгімеге көшті.

– Кезінде мен сізге комбинатты реконструкциялау керек деп айтқаным бар еді ғой.

Есіңізде ме? Тоқтатуға болмайтын, тоқтаусыз өнеркәсіпті бес айға тоқтаттық. Сонан соң қайта іске қостық. Сол бес айдың ішінде біз өнеркәсіпті жаңа үрдіс техникамен жабдықтап үлгердік. Бұл әлемдік деңгейге пара-пар жаңа қазақтың жаңа титан-магний комбинаты болатын. Бұл жаңа Қазақстанның жаңа өнеркәсіп қозғалысының басы деп бағалануы керек. Өйткені, бұндай нартәуекел ұмтылысқа әлемде ешкім барған емес. Мен барлық жауапкершілікті мойныма алдым. Техникалық, технологиялық процестердің бәрі алдынала сұрыпталған, кең, терең талқыланды. Талай ұйқысыз түндерде ойлегінен өткен. Менің ғана емес, комбинаттың инженерлік күшінің тегеурінді ізденістерінің салмағын көрсеткен.

Мен бұл нартәуекелге батыл бардым. Өйткені, бұл Қазақстан Республикасының болашағы үшін керек болатын. Нені болса да алыстан аңғаратын, ұлт болашағы арқылы әлемге көз салатын Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа да сенген едім. Анығында, кімде-кім өндірісті өркендетуге қаржы салса, түптің-түбінде сол жеңіп шығады. Сол өндіріс орны аяғынан жылдам тұрып кететіні даусыз. Біздің бұл жанталасымыз ел-жұртымыз – Отанымыз үшін керек.

Париж

Париждің қақ ортасындағы кітап дүкенінде Бағдатпен кездескенім де ұмытылмайтын бір сәт еді. Көше толы француз кафелерінің біріне жайғасып отырып кофе іштік. Бағдат нағыз капиталист болып, толып-толысқан көрінді.

– Қашан келдіңіз? – деп сұрады.

– Үш күн болды.

– Қайтыс қашан?

– Бүгін түнде.

– Менімен бірге қалыңыз. Сізге айтатын жаңалығым бар.

– Айтыңыз, – дедім. – Кездеспегенімізге талай болды ғой. Неге жалғыз жүрсіз?

– Жалғыз емеспін. Қазір француз достарым келеді. Францияда француздармен бірлескен «Albert & Duval» деген завод аштық. Қазір сол заводта жүрмін. Мен биыл шет елдерде ұзақ болатын түрім бар. Бүгін Халықаралық авиакосмос саласындағы пайдаланатын титанның 17 пайызы біздің комбинаттың үлесіне тиесілі.

Бұл – керемет көрсеткіш. Бірақ бізге бұған малданып отыра беруге болмайды. Титанның әлемдік көлемінің 30 пайызын біздер шығаратын болсақ, титанның әлемдегі нарық процесіне, туралап айтқанда, бағасына ықпал жасай алсақ, біздің жарағанымыз. Менің титан өндірісіндегі басты мақсатымның бірі де сол. Біз көздеген мақсатымызға асығып-аптықпай жоспарлы түрде еркін қол жеткізіп келе жатырмыз. Бұның бәрі – біздің комбинаттың жұмысшыларының, инженер кадрларының ерен еңбегі. Біздің комбинат жас комбинат. Әлі елуге де толған жоқ. Кеше ғана алғашқы металлургтердің балалары комбинатқа келген еді, енді немерелері комбинатта жұмыс істеуде. Үлкен, берік жұмысшылар әулеті қалыптасты. Металлургтерге арнайы салынған Согра қалашығында тіршілікке керектің бәрі бар. Реке, Өскеменге келіңіз. Комбинаттың жанынан екі үлкен жаңа завод салдық. Біреуі – осы француздармен бірлесіп ашқан «Albert & Duval» болса, екіншісі – Оңтүстік Кореямен бірлесіп салған «POSSO». Сограда ең озық медициналық аппараттармен жабдықталған үлкен емхананы іске қоспақпыз. Бұның бәрі болашақ үшін керек. Дендері сау, ойлары анық, мақсаттары биік ұрпақ дайындау керек. Әлемде жүріп-тұру үшін тіл білу керек. Ағылшын тілі. Кеше орыс тілін үйреніп, өз тілімізді күлтөкпеге тастай жаздаған халық болдық. Оны несіне жасырамыз?! Бүгінгі қазақ ағылшын тілін жақсы білуі қажет. Өсер ұрпақты өнерлі, сегіз қырлы, бір сырлы қылып өсіре алсақ, қазақта өзге арман да болмас... Қайдам, тірі адамда арман таусылмас. Тірі адам тірлігін жасайды. Өмір өткінші екен. Оны да адам өлерінің алдында ғана амалсыз мойындайды. Бағдат екеуіміз бір-бірімізді қимай Париждің қақ ортасында қоштасып тұр едік. Сібірлеп жауын жауған. Ал Бағдаттың жүзі жарқын еді. Оны елімізде үлкен істер тосып тұрған. Ол соған асығулы болатын.

Мен қайтып Бағдатты тірісінде көре алғаным жоқ. Анда-санда ұялы телефонмен хабарласып тұрдық. Өскемендегі хатшы қыздар «Бағдат Мұхаметұлы батыста, іссапарда жүр», дей берді. Бағдаттың дүниеден қайтқаны туралы суық хабар мені түн ортасында аурухана төсегінде қуып жетті. Мен қайтып жата алмадым. Таңғы ұшақпен Өскеменге, Алтайда дүниеден өткен қадірлі досым Бағдат Шаяхметовтің қазасына асықтым. Ардақты азаматтың қабіріне бір уыс топырақ салу парызы бар еді. Бағдат қашанда сабырлы, ойлы қалпынан асқан емес. Нені айтса да ойланып барып айтатын. Айғай салып шындықты арзандатып алатын кездеріміз ұшырасады. Соның бәріне Бағдаттың жаны қарсы болатын. Өзі көзге көп түспеуге тырысатын. Бұқтырма су қоймасында кемемен жүзген кезіміз есіме түседі. Бағдат Бұқтырмада жүзіп келе жатқан кемемені тоқтатып, сигнал бергізді.

– Реке, Бұқтырма су қоймасының астында не қалмады дейсіз?! Дәл осы жерде менің кіндік қанымтамған Камышенко селосы су астында жатыр. Бұқтырмада жүзгенсайын осы тұста кемемені тоқтатып, сигнал бергіземін. Туған ауылыммен солай амандасамын. Су астында қалған селонның әр көшесі, әр үйі көз алдымда. Жас ұлғайған сайын түсімде сол көшелерге жан бітеді. Сол көшелер маған қарай жөнкі қозғалып келе жатқандай болады. Сол кезде түсімнен шошып оянып, көп уақытқа дейін төбеге тесіліп құр жатамын да қоямын. Адам баласының ғұмырында жақсылық пен жамандық қатар жүретін болса керек. Маған сол су астындағы көшелер мәңгі жылап жатқандай болып елестейді. Бағдат біраз үнсіз отырып барып, жасаураған көзін сұртті. Бұл өмірде айтылатын да шындық бар, айтылмайтын да шындық бар.

– Сіздің өміріңіз туралы «Өнегелі өмір» сериясына кітап жазайық деп Алматыдан жігіттер келіпті. Мен елдің алдына шығып жүргенді ұнатпайтын адаммын. Осы Өскеменнің бір ресторанының есігін ашпаппын. Біреудің тойына бармаппын. Менің есіме комбинаттың бас маманы Николай Колобовтың:

– Телевизордан нағыз ер еңбек адамдарын көрсету керек қой. Көрсетпейді. Таңғаласыз. Мысалы, Бағдат Мұхаметұлын көрсетсін. Нағыз отаншыл. Отаны үшін жанын беретін адам сол. Бірақ, біздің президент теледидардан жылтындап шыға бергенді жақсы көрмейді. Ол кісі таңғы бестен түнгі онға дейін комбинатта. Оның өмірі – комбинат. Ал комбинат Бағдат Мұхаметұлының тағдыры десе болады.

– Құдай бізге көктен бере салған Тәуелсіздікті жанымызды салып игеруіміз керек қой. Біз шабанки мылдаудамыз. Жылдамырақ жүруіміз керек еді. Тындыратын істер көп. Шығысымызда Қытай тұр аларып, Батысымызда орыс тұр сығалап. Осы екі мемлекетке де белшеден қарызбыз. Ол қарызды қайтару керек. Ал маған жігіттер «Өнегелі өмірде» сіз туралы кітап шығарайық дейді. Оны қай бетімізбен шығарамыз деп қатты қынжыламын, – деді Бағдат. Бұқтырманың көгілдір суы жайлы, жұмсақ ағып жатыр. Лүп еткен жел жоқ. Қапырық. Бейіт басында. Бұл жалғанда адам баласына бар керегі екі аршын жер ғана екен. ..Әке, Ана, Ұл жатқан аумақты бейіт басына қарап үнсіз тұрмын. Қарашада дәл осы бейіт басына келуімнің сыры – Бағдат Шаяхметов 70 жасқа толатын күн тақаған. Жер-жерден Бағдаттың достары Өскеменді бетке алмақ. Бағдат Шаяхметов – қазақтың құшағына сыймай кеткен асыл тұлға. «Алға, достар, тек алға!» деп Қазақ елінің болашағына сенген Бағдат Шаяхметов әуелі халқының сәулелі санасына үміт артқан. Сол қазақ ұлтының берекесі үшін жанын салған. Бағдат Шаяхметов – қазақты өз титан өнімімен әлемдік додаға алып кіріп, сол додада жеңіп шыққан қазақ. Қарсы алдымда – үш мола, үш ескерткіш үнсіз жатыр. Шарбақ сыртында мен де үнсізбін. Машина ішіндегі радиодан Абайдың романсы лезде көкке көтеріліп, үнсіз жазықты дүрсілкіндірді.

...Мен көрдім дүние деген иттің көтін

Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.

Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда

Көбінің сырты бүтін, іші түтін.

Абай айтқан, біз айта алмаған ақиқатқа бас ұрған...